





М.С. Саркулова¹ , М.М. Манасова^{2*} ,
Г.С. Саркулова³ , С. Шамахай¹ 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, Астана қ., Қазақстан

²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

³Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

*e-mail: miramanassova@mail.ru

РЕНЕ ЖИРАРДЫҢ ІРГЕЛІ АНТРОПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ «ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ»

Мақала француз-американдық философ, антрополог, әлеуметтік философия мәселелерін зерттеуші, дәстүрлі типтегі мәдениет институттарының генезисі мен қызметін түсіндіретін «іргелі антропология» деп аталатын түбегейлі жаңа теориялық тәсілді жасаушы Рене Жирардың идеяларын талдауға арналған. Жирар теориясының әмбебаптығы – оны зерттеушілер ғылымның әртүрлі салаларында қолдана алуында. Рене Жирар архаикалық дәстүрлі мәдениеттерде қоғамның және жеке адам өмірінің барлық елеулі оқиғаларында маңызды рөл атқаратын құрбандық шалу құбылысына жаңа көзқараспен қарауды ұсынады. Басқа антропологтар архаикалық (көне) қоғамдарда құрбандық шалуды ең алдымен құдайлардың тыныштығына бағытталған ғұрып ретінде қарастырған болса, Жирар бұл ғұрыпты барлық мифтердің, тіпті бүкіл мәдениеттің генезисі мен құрылымының негізінде жатыр деп санайды. Жирардың мәдениет пен зомбылықтың өзара байланысы туралы ойлары, құрбандықты адамзат тарихындағы іргелі рәсім ретінде қарастыруын отандық көркем әдебиетке қатысты қолдансақ, әсіресе М.Әуезовтің «Абай жолы» шығармасына қатысты реактуализациялануы мүмкін. Патриархалдық-феодалдық қазақ қоғамын сипаттауға арналған қазақ прозашысының романында мифтік-ғұрыптық құрылымдар мен схемалар, құрбандық тәжірибелері мен формулалар үлкен рөл атқаратынын бүкіл роман хронотопынан байқауға болады. Құрбандық шалу мифологемасы, әсіресе, Қодар мен Қамқаның ұжымдық ар-намысты сақтау жолындағы өлім жазасында көрініс табады. Рене Жирардың философиялық-антропологиялық тұжырымдамасы құрбандық шалу рәсімінің әлеуметтік маңыздылығын және сол қауымның құрбандыққа деген моральдық-этикалық көзқарасын анықтауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: әлеуметтік философия, Рене Жирардың іргелі антропологиясы, құрбандық мифологемасы, М. Әуезовтің «Абай жолы».

M.S. Sarkulova¹, M.M. Manassova², G.S. Sarkulova³, S. Shamakhai¹

¹L.N. Gumilev Eurasian University, Astana, Kazakhstan

²E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan

³Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University, Uralsk, Kazakhstan

*e-mail: miramanassova@mail.ru

The fundamental anthropology of Rene Girard and the «concept of sacrifice» in M.Auezov's novel «The way of Abai»

The article is devoted to the analysis of the ideas of the French-American philosopher, anthropologist, researcher in the field of problems of social philosophy, the creator of a fundamentally new theoretical approach, the so-called “fundamental anthropology”, explaining the genesis and functions of traditional cultural institutions, Rene Girard. The universality of his theory lies in the fact that it can be applied by researchers in a wide variety of fields of science. Rene Girard offers a new look at the phenomenon of sacrifice, which played a significant role in archaic traditional cultures and accompanied all significant events of social and individual life. Unlike other anthropologists who considered sacrifice in archaic societies as a ritual designed primarily to appease deities, Girard considers this rite as underlying the genesis and structure of all myths and even the entire culture. Girard's thoughts on the relationship between culture and violence, the consideration of sacrifice as a fundamental ritual in the history of mankind can be reactualized in relation to Kazakh literary literature, in particular to the work of M. Auezov “The Way of Abai”. In the novel by the Kazakh prose writer, dedicated to the description of the patriarchal-feudal Kazakh society, mytho-ritual structures and schemes, sacrificial practices and formulas play an important

in particular, in the scene of the collective execution of Kodar and Kamka. The philosophical and anthropological concept of Rene Girard makes it possible to identify the social significance of the ritual of sacrifice and the moral and ethical attitude towards the victim on the part of this society.

Key words: social philosophy, fundamental anthropology of Rene Girard, mythologeme of sacrifice, "The Way of Abai" by M. Auezov.

М.С. Саркулова¹, М.М. Манасова^{2*}, Г.С. Саркулова³, С. Шамахай¹

¹Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

²Карагандинский университет им. Е.А. Бокетова, г. Караганда, Казахстан

³Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г. Уральск, Казахстан

*e-mail: miramanassova@mail.ru

Фундаментальная антропология Рене Жирара и «концепция жертвоприношения» в романе М. Ауэзова «Путь Абая»

Статья посвящена анализу идей франко-американского философа, антрополога, исследователя в области проблем социальной философии, создателя принципиально нового теоретического подхода, т.н. «фундаментальной антропологии», объясняющей генезис и функции институтов культуры традиционного типа, Рене Жирара. Универсальность его теории заключается в том, что она может быть применена исследователями в самых разных областях науки. Рене Жирар предлагает по-новому взглянуть на феномен жертвоприношения, игравшего значимую роль в архаичных традиционных культурах и сопровождавшего все знаковые события общественной и индивидуальной жизни. В отличие от других антропологов, рассматривавших жертвоприношение в архаических обществах, как ритуал, призванный, прежде всего, умиловить божества, Жирар рассматривает этот обряд, как лежащий в основании генезиса и структуры всех мифов и даже всей культуры. Мысли Жирара о взаимосвязи культуры и насилия, рассмотрение жертвоприношения как основополагающего ритуала в истории человечества могут быть реактуализированы применительно к отечественной художественной словесности, в частности к произведению М.Ауэзова «Путь Абая». В романе казахского прозаика, посвященном описанию патриархально-феодального казахского общества, большую роль играют мифо-ритуальные структуры и схемы, жертвенные практики и формулы, которые можно проследить на протяжении всего романного хронотопа. Мифологема жертвоприношения находит воплощение, в частности, в сцене коллективной казни Кодара и Камки. Философско-антропологическая концепция Рене Жирара дает возможность выявить социальную значимость ритуала жертвоприношения и морально-этическое отношение к жертве со стороны данного социума.

Ключевые слова: социальная философия, фундаментальная антропология Рене Жирара, мифологема жертвоприношения, «Путь Абая» М. Ауэзова.

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі батыстық ілім жасаушылар мен зерттеушілердің ілімдері мен тұжырымдамаларын отандық философия мен әдебиет материалына қатысты қолдану оларға жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік беретіндігімен түсіндіріледі. Белгілі француз-американдық ойшыл, антрополог және философ Рене Жирар мәдениеттің зорлық-зомбылықпен ажырамас байланысы мен құрбандықтың қоғамдық өмірдегі негізгі ролі туралы жазған. Бұл оны әлеуметтік тәртіпті қалпына келтіруге және бастапқы хаосты реттеуге арналған әлеуметтік институт ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Р.Жирардың теориясын қазіргі қазақ философиясының дискурсына алғашқылардың бірі болып енгізген көрнекті қазақ философы және мәдениеттанушысы Б. Ф. Нұржанов болып табылады. Ғалым 1994 жылы француз антропология-

ның еңбектері әлі де болса посткеңестік ғылыми кеңістікте белгілі болмаған, орыс тіліне аударылмаған кезде оның тұжырымдамасын мәдениеттану бойынша дәрістер курсына талдауға жүгінді (Нұржанов, 1994). «Сыртқы дәстүрлігіне, тіпті кейбір консервативтілікке қарамастан, Жирардың ойлауы кейбір аспектілерде постструктуралистер мен постмодернистердің интеллектуалды революционализмінен асып түсетін күшті инновациялық әлеуетті қамтитындықтан оны осы аталған топпен жиі бір қатарға қояды (Пигалев, 2002:357).» Жирардың «Қуатты инновациялық әлеует» мәдени-антропологиялық теориясын қазақтың дәстүрлі мәдениетін зерттеуде де, көркем әдебиет туындыларын талдауда да нәтижелі қолдануға болады. Алайда, отандық әдебиет сыншылары, философтар мен мәдениеттанушылар дәстүрлі қазақ мәдениетінің дүниетанымдық негіздерін зерттеу барысында атақты батыстық философтардың теориялар мен тұжы-

рымдамаларына көп жүгінбейді, бұл олардың талдауын сөзсіз шектейді. Бұл зерттеу белгілі бір дәрежеде осы кемшіліктің орнын толтыруға арналған.

Р. Жирар тұжырымдамасында басты орынды «мимезис», «қасиетті», «зорлық-зомбылық» категориялары алады. Жирар өзінің «Романтизмнің өтірігі және романның ақиқаты» атты алғашқы еңбегінде болашақ миметикалық теорияның контурларын суреттейді, «мимезис» (еліктеу) ұғымына жүгінеді және ұлы прозаиктердің – Достоевский, Стендаль, Прусттың романдарынан өзінің теориялық есептеулерін таба отырып растап шығады. Автордың негізгі идеясы – мимезис құбылысы тәуелсіз іс-әрекетке қабілетсіз және басқа біреу қалаған нәрсені ғана қалайтын адамға үстемдік етеді. Медиатор-үлгінің жақындығына байланысты Жирар (2021, 17 б.) ішкі және сыртқы медиацияны бөліп көрсетеді. Мәдениеттің негізінде қалау, тілектердің миметизмі жатыр деп санай отырып, Жирар бұл қабілеттердің қоғамға зиянды салдары бар екенін атап көрсетеді, өйткені олар адамдар арасындағы мәңгілік бәсекелестік пен араздықтың пайда болуына ықпал етеді.

Р. Жирардың «Зорлық-зомбылық және қасиетті», «Күнәкар құрбандық» («Козел отпущения») атты кейінгі кітаптарында «сакралды» және «зорлық-зомбылық» ұғымдарының корреляциясы одан әрі тереңдей түседі. «Сакралды» (киелі) концептінің бастапқы амбиваленттілігін көрсете отырып, Жирар (2010, 311 б.) былай деп жалғастырады: «Зорлық-зомбылық динамикасын «тұлғалық» түсінумен қатар, тұлғалық емес те бар. Ол «киелі, қасиетті» терминімен қамтылған кез келген нәрсеге сәйкес келеді немесе дұрысы – «sacer» деп аталатын латын сын есіміне сәйкес келеді, бұл сөз «сакралды, қасиетті» және сонымен қатар «қарғыс атқан» деп аударылады. Өйткені оның мағынасында пайдалы да, зиянды да жақтары бар». Жирардың теориясы бойынша, құрбандық шалудың басты функциясы – қоғамның негізін қалайтын және мақсат-тілектердің миметизмінен пайда болатын бәсекелес ішкі зорлық-зомбылықты басу болып табылады.

Жирар құрбандықты ұйымдасқан зорлық-зомбылық деп атайды. Өйткені адамзат қоғамы өзара зорлық-зомбылықты бірауыздан, хаосты ғарышқа айналдыру арқылы ғана мүмкін болды. Егер антропологтар мен этнографтар адамзат мәдениетінің барлық түрлерінің мифо-ғұрыптық бастаулары туралы айтатын болса, Рене Жирар құрбандық шалу рәсімінің жаһандық рөлін, оған барлық басқа рәсімдер, атап айтқанда өтпе-

лі рәсімдер немесе бастамашылық (инициация) рәсімдер тең емес түрде байланысты екенін, барлық рәсімдер мен мифтер ұйымдасқан зорлық-зомбылықтан бастау алатынын атап өтеді.

Ұжымға үнемі қауіп төндіретін, ақыр соңында кімнің қанына тынышталатыны белгісіз өзара зорлық-зомбылықты болдырмау үшін бәрінің және әрқайсысының орнына объект бола алатын бір адамды қою керек болады, өйткені ол бәрін алмастыра алады және бәрі оны бір-бірінің орнына өлтіреді. Өзара зорлық-зомбылық бірауыздан келіскен зорлық-зомбылыққа ауысады. Осылайша, құрбандық белгілі бір катарсистік тиімділікке ие, өйткені оның нәтижесі – құрбанның қаны арқылы байланысқан ұжымның толық бірлігін сезіну және қанағаттану сезімі. Миметизмді, яғни зорлық-зомбылықтың жұқпалылығын атай отырып, Жирар (2010, 49 б.) былай деп жазады: «Егер құрбандық шалу катарсисінің мақсаты зорлық-зомбылықтың кездейсоқ таралуына жол бермеу болса, онда ол белгілі бір жұқпалы дертті тоқтатады».

Архаикалық мифтер мен ежелгі грек трагедияларына сүйене отырып, Жирар оларды құрбандық шалу салтының призмасы арқылы қарастырады. Дәлірек айтқанда, бұл құбылыс титандар Дионисті жеп қойған туралы орфикалық мифте, өз балаларын құрбандыққа шалған Медея туралы мифте, және туған қаласынан қуылған Эдип туралы т.б. мифтерде көрініс табады. Осылайша, Жирар Фрейдтің тұжырымдамасымен дауласады, өйткені ол кейіннен тотемге айналған көшбасшы әкені өлтірудің шынайы себептерін интуитивті түрде сезініп, әкесі мен ұлдарының бәсекелестігінде миметизм элементтерін байқамағандықтан, өз ізденістерінде сонына дейін бара алмады деп санаған.

Жирар жасаған «күнәкар құрбандық» (козел отпущения) тұжырымдамасын әдеби шығармалар талдауында сәтті қолдануға болатынын оның көркем әдебиетке арналған «Романтизмнің жалғаны мен роман ақиқаты» шығармасынан байқауға болады. Мамандығы бойынша тарихшы Рене Жирардың эмбебап мәдени-антропологиялық, жан-жақты бәрін қамтыған философиялық теориясында әдебиетті талдау бұрын-соңды болмаған маңызды рөл атқарады. Өйткені оның көзқарасы бойынша ұлы драматургтер мен жазушылар әлеуметтік және мәдени антропологияның маңызды мәселелерін зерттегенде ғалымдар мен философтарға қарағанда әлдеқайда тереңірек болды. Ол әдеби шығармашылықтың эпистемологиялық күшін дәлелдеп, көркем әдебиетте адам болмысының негізгі «қарғыс ат-

қан» сұрақтарына жауап табуға болатындығын айтады.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізі француз-американдық философ және антрополог Рене Жирардың мәдениеттегі зорлық-зомбылықтың рөлі туралы философиялық тұжырымдамасы, герменевтикалық гносеологиялық идеялары көрнекті қазақ жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының мәдени-философиялық тұрғыдан түсіндірілетін көзге көрінбейтін мағыналарына терең үнілуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау

М. Әуезовтің «Абай жолы» романында құрбандық шалу мифологемасы ең алдымен Қодар оқиғасында бейнеленген және Жирар теориясы қоғамды күнәнің зұлымдығынан тазартуға арналған архаикалық құрбандықтың қайталануы ретінде әрекет ететін осы ұжымдық құрбандық шалуды талдаудың сәтті ғылыми құралы ретінде қарастырыла алады. Оның пікірінше, қанды құрбандықтардың негізгі қызметі – қоғамдағы агрессия деңгейін төмендету үшін зорлық-зомбылықты рәсімге және заңды тәртіпке енгізу. Мифтің, архаиканың тынысы осы эпизодта айқын көрінеді. Қазақ авторының романындағы нарративтар мен коллизиялар табиғи тұтастықпен күш бейнесінде таң қалдыратын, ғажайып кейіпкерлер әрекет ететін ежелгі грек трагедияларына ұқсайды. Ежелгі грек театрының шежіресі архаикалық ғұрыптық тәжірибелерден басталатынын және театр әрекеті мен салт-дәстүр арасындағы айырмашылықты ескере отырып, оқиғаға қатысушылар мен көрермендер арасындағы алшақтықты орнатуда, Әуезов эпопеясында бірге қарастыруға болады. Роман архаикалық қоғамды емес, архаикалық институттары қазірдің өзінде жойылып бара жатқан феодалдық-патриархалдық қоғамды сипаттайтынына қарамастан, ондағы әрекет мифологиялық құрылымдардың қайтып оралуымен және жандануымен байланысты екенін атап өткен жөн. Автор рәсімдік рефлексияны астарлап көрсеткен.

Романның басында, қаладағы оқудан қайтқан он үш жасар Абайдың туған өлкесіне оралуы туралы әңгімелеп, әлі бастамашы сынақтан өтпеген мифтік құрылымдарға сәйкес, автор болашақ ақынның әкесі аға-сұлтан Құнанбай ұйымдастырған Қодар мен оның келіні Қамқаның өлімін баяндауды орталық сюжет қылып

қойып, оның қатыгез шындықпен алғашқы қақтығысы туралы жазады. Өлім сюжетінің өзі күнделікті өмір тәжірибесінен басқа ғұрыптық мифологиялық әрекетті суреттейді. Сонымен бірге, Софоклдың «Эдипі» мен Еврипидтің «Медеясымен» салыстыруға болатын осы трагедияның жаңғырығы мен іздері романдағы барлық кейінгі әрекеттерге өзінің қорқынышты көлеңкесін түсіреді. Қодар оқиғасы өз уақытында Шәкәрімнің «Қодар өлімі» дастананың негізі болғанын айта кетуіміз керек. Онда адамзат заңдарын бұзып, өз ұлының жесірімен қатынас орнатқан Қодар батырдың жалғыз мұрагерінен айырған Құдайдың еркіне наразылық білдіргені туралы жазылады. Шәкәрім Әуезовке қарағанда кейіпкер күнәсінің шынайылығына күмән келтірмейді.

Қодарды өлім жазасына кесер алдында Құнанбай аға-сұлтан бірауыздан шешім қабылдау үшін өзінің киіз үйінде барлық ру ақсақалдарын жинайды және өзінің «ойынын» шебер жүргізеді. Туысқандарының қылмысы, ұяттың ауырлығы бүкіл Тобықты руына түскеніне және туысқандары туралы қауесеттердің таралуына байланысты жеке өзі бастан өткергеніне назар аударады: «Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, осы елге, өз келеңе келгенде, осы отырған бәрімізге салық. Мынау отырған сендерге салық! – деп аз тоқтап, Сүйіндікке қадалып отырған жалғыз көзін енді төрдегі Байсалға аударды. Одан өзінің оң жағында отырған Бөжейге қадалды (Әуезов, 2013:19).»

«Жұрт күдігі бәрінің бір адамға қарсы сенімділікке айналуы үшін ештеңе қажет етілмеді. Ең күлкілі белгі, бұл сенімділік бас айналдыратын жылдамдықпен таралды және бірден дерлік бұлтартпас дәлелге айналды. Сенімділік қар кесегіндей өсіп, әркім өз сенімін тез арада мимезис әсерінен басқалардың сенімінен шығарды. Жалпыға бірдей сенімділік басқа растауды қажет етпейді, бірақ қайтымсыз, ойланбастан бірауыздан (Жирар, 2010:101).»

Қодардың ең жақын туысы, Бөкенші руының басы Сүйіндік оны қорғауға тырысқанда, Құнанбай Сүйіндік Қодар үшін өзін құрбан ете ала ма деп сұрап, оған қиын таңдау қояды. «Адал десек, аман десек, жан берейік, ақтайық, ақыретте өз мойынымызға алайық. Майысар болсан, жаныңды да берерсің. Берермісің, жаныңды? (Әуезов, 2013: 20).»

Қодардың тағдыры айқындалған, өйткені оны қорғауға тырысып, оның күнәсіне күмән келтіріп, тергеу жүргізуді ұсынған Сүйіндік Құнанбайдың қатаң қарсылығына тап болады. «Тергесең, Қодар сұмдығын аңыз қып, көпке жа-

йып әкеткен елді терге. Ел тұрсын, кешегі жиында бетімізге былш еткізіп, жарып айтқан жатты терге». «Ел де сенікі, ел ішіндегі тентек те сенікі. Тек, не бұйырсаң да, тергеп алып, бұйырғайсың (Әуезов, 2013: 21).»

Сайып келгенде, Бөкенші/Борсақ руының ақсақалы және Қодардың туысы Сүйіндік кінәлі туысының тағдырын Құнанбай аға-сұлтанға тапсырып, жауапкершілікті өзінен ысырады. Ақыры Қодарға өлім туралы шешім шығарылды. Өйткені Қодардың күнәкарлығы туралы қауесеттер Тобықты тайпасының ішінде ғана емес, басқа рулардан тыс жерлерде де таралды. Сондықтан оны құтқаруға жұмсалған бар күш-жігер кеш болып шықты.

«Жазасы шарифат жолы. Шарифат не бұйырса, сол болады. Мұндай сұмдыққа қазақ айтқан жоқ екен. Тегі, алдыңғы ата бізден бақытты да. Бұндай лағынетті өз тұсында көрмепті. Кесігін де айтпапты» (Әуезов, 2013: 21).»

«Қудалау репрезентация Дюркгейм теориясы мағынасында ұжымдық өкілдіктің сипаттамаларын сақтай алады. Хаос кезінде қудалау механизмінің арқасында ұжымдық күйзелістер мен қорқыныш – алмастыратын құрбандардан қанағат табады, өйткені оларға қарсы бірігу оңай (Жирар, 2010:71).» Құнанбай көбіне өзін әділдіктің төрешісі ретінде ғана емес, архаикалық діни культтің қызметкері сияқты сезінеді. Өйткені оның сөзін теріске шығармайтын дәлелдермен қамтамасыз ететін – дін болатын. Абайдың ұстазы болған қалалық молда Хазірет Ахмет Ризаға алдын ала елші жіберіп, одан Қодар мәселесіне қатысты пәтуа алады. Бұрын-соңды болмаған, қоғамда ойға келмейтін қылмыс орын алғандықтан, құтылу, тығырықтан шығудың жолы, шешімі тек діни заңда, шарифаттан табылады. Ойға келмейтін қылмыс жаға ұстататар жазаны талап етеді. «Ендеше, өлімнен ұят күшті. Ел көрмеген сұмдыққа, ел көрмеген жаза керек! (Әуезов, 2013: 19).»

Құнанбайдың барлық жұртты, әсіресе ру ақсақалдарын Қодарды өлім жазасына кесуге және онсыз да өлім алдында тұрған құрбанды таспен ату процесіне қатысуға мәжбүрлеуі, Қодардың құрбандыққа шалынуы ұжымдық түрде орындалғанын көрсетсе, шарифатқа арқа сүйеуі бұл оқиғаның сакралдылығын екі есе арттырады. «Адамдар өздерінің зорлық-зомбылығынан құтыла алады, өйткені құтылу процесі оларға өздерінің әрекеті ретінде емес, абсолютті императив ретінде көрінеді, Құдайдың бұйрығы, оның талаптары қаншалықты ұсақ болса, соншалықты қорқынышты... Сонымен, дін пайдасыз емес.

Дін адамды зорлықтан қорғау үшін адамнан зорлық-зомбылығын тартып алып, сонымен қатар зомбылықты трансцендентті қауіпке айналдырады. Одан құтылу жолы тек дұрыс ғұрыптар мен рәсімдер, және қарапайым, ақылға қонымды мінез-құлық (Жирар, 2010:22).»

Бұл дінге, шарифат нормаларына жүгіну, Құнанбайға құрбанды дарға асу және одан кейін таспен ұру арқылы Қодарды толығымен архаикалық ұжымдық өлім жазасына кесуге мүмкіндік береді. Жазаның куәгерлері мен еріксіз қатысушыларының бірі Бөжей туыстарын өлтіргені үшін құн талап етпейтіндігі туралы қайғылы қорытынды жасайды, өйткені адамды өлтірген өздері болды: «Ер өлтіргенге құн сұраушы еді. Енді құн сұрамау түгіл, өкпе-кінә қылар мұршаң жоқ. Өлтірген өзінсің. Қырық рудың адамы кесек атып өзің өлтіріп отырсың, не бетімен үн шығарасың... (Әуезов, 2013:36).»

Қаратай шарифаттың Құнанбайға өзгелерге қарсы күш-қару бергенін түсінеді: «Шарифаттың шың бәлесін түпке сақтапты ғой. Бұл шарифат та айлаға құрық бере беретін болды ғой. О да Құнанбайдың қойны-қоншында десейші». «Козел отпущения» (күнәкар) ретінде тандалған бақытсыз, қасқа Қодардың сөздері растайды: «Жабыларсың, таларсың да жерсің, өңшен қан жұтқан, қара бет (Әуезов, 2013:39).»

Юбер пен Мосстың «Құрбандықтың табиғаты мен қызметі туралы эссеге» сілтеме жасай отырып, Жирар бұл рәсімнің екіұштылығын көрсетеді, ол бір жағынан «өте қасиетті іс» ретінде әрекет етіп одан құтылу мүмкін болмайды, екінші жағынан ауыр қылмыс ретінде қарастырылады. Яғни, «құрбан қасиетті болса оны өлтіру қылмыс. Бірақ егер ол өлтірілмесе, құрбандық қасиетті болмайды... (Жирар, 2010:7).»

Құрбан бір мезетте қауымның барлық мүшелерін қамтып және олардың барлығына бірден телінеді. «Құрбандық бүкіл ұжымды бірден өз ішіндегі зорлық-зомбылықтан қорғайды, ол бүкіл қауымды өзіне жат құрбандарға қарсы қояды (Жирар, 2010:15).»

Құрбандыққа шалу алдында құрбан құрбандық дағдарысқа алып келген барлық жағымсыз тәжірибелермен байланысты қарастырылады. Дағдарыс дегеніміз – бұл әрқашан да айырмашылықтардың, әлеуметтік иерархияның болмауы, ережелер беделінің жоғалуы, моральдық нұсқаулардың жоғалуы. Мифтік көзқарас тұрғысынан дағдарыс тек мынадай кезде пайда болады: егер кейіпкер қолынан әдейі жасалған ба, жоқ па, «ажыратылмайтын» сипаттағы қорқынышты қылмыстар – жақындарын – әкесін, ағасын, ұлын

өлтіру, анасымен, әпкесімен инцест, күпірлік, қасиетті орындарды қорлау, билікті тартып алу сияқты қылмыстар жасалса. Мифтің кейіпкері адамдардың басына түскен бақытсыздықтарға кінәлі, өйткені ол адам әлемінің ең іргелі тіректері құлайтын қылмыстар жасады. Ол жасаған қатыгездіктер басқа қатыгездіктерді тудырады, тізбекті реакция барлық жаңа адамдарды құлдырауға тартады. Құдайлар немесе ата-баба рухтары бұл қылмыстар үшін адамдарға ашуланады. Қоғамды осы зұлымдықтан тазарту қажет және жалғыз шешім – рәсімдік құрбандық.

Қодар өзінің антагонистерінің көзқарасы бойынша көшпенділердің көз алдында ойға келмейтін қатыгездік жасап, сол арқылы өзін басқалардан бөліп, қоршайды. Ол Жат, Өзге, Ұлы күнәһар болды. Құрбандық ретінде ол ең қолайлы жан. Зорлық-зомбылық шарықтау шегіне жетіп, Қодардың күнәсі туралы хабарды естіген қоғамды тыныштандыру үшін құрбандық шалу сөзсіз болды. Қодар құрбан критерийлеріне әбден сай келеді – ол тек күпірлікпен ғана емес, құдайсыздықпен де айыпталады. «Маңымда тұлдыр жоқ. Құдай маған қылды ғой. Көпір өтсем де енді көрінен аянарым жоқ. Құдай маған қылса, менің Құдайға қыларым сол... Осыны Жексен өз бетімен топшылап, бұл Құдайға не қылады деп, жүріп-жүріп кеп, ақыры «Мұнысы келіні болды» депті (Әуезов, 2013:33).» Сонымен, кейіпкер Құдайға қарсы нәрселер үшін айыпталады – инцестік мағынадағы күнә, келінімен қатынас. Дәстүрлі патриархалдық қоғам үшін бұл ештеңемен салыстыруға келмейтін күнә, қазақ қоғамындағы келінге деген көзқарас құрметке ие. Қазақта «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда» деген сөз бар, бұл күйеу жағындағы үлкен туыстары келініне тікелей сөйлемей, аллегорияға жүгінгендігін көрсетеді.

Жирардың пікірінше, құрбандықтың дұрыс жұмыс істеуі екі шартты талап етеді:

1) шалынатын нақты құрбан мен осы құрбан ауыстыратын адамдар арасында абсолютті алшақтық болуы керек; 2) сонымен қатар, құрбандық пен ол ауыстыратын объекттер арасында белгілі бір байланыстың ұқсастығы сақталынуы керек. Бұл екі талапты бір уақытта қанағаттандыруға тек сөзсіз нәзік тепе-теңдікті сақтайтын сабақтастық арқылы қол жеткізуге болады. Кез келген құрбандық ғұрыпы зорлық-зомбылықты рұқсат етілген шектерде ұстап тұру, тандалған құрбанға деструктивті импульсты бағыттау және оны қоғамда (топ, қала, ел, конфессия және т.б.) таратпау (Жирар, 2010:52).» Рәсімнің функциясы зорлық-зомбылықты «тазарту» болып табы-

лады, яғни, оны «алдап», кек алатын туыстары жоқ құрбанға ауыстыру болып табылады. Бұл жерде Қодардың маргиналдығы айқын, өйткені құрбан ретінде белгілі бір қауымдастық мүшелеріне толық жатпайтын және толық құқықтары жоқ адам – құлдар, балалар, инициациядан өтпеген жасөспірімдер, тұтқындар және сол қоғамнан қандай да бір жолмен алшақтатылғандар. Жалғыз ұлынан айырылып, қыстақта қалып, ауылдан ажырап, жайлауға көшкен, жақын, қандас туыстарының қуғын-сүргініне ұшыраудан қорықпай-ақ Қодарға қысымдық көрсетуге болады. Ал Қодардың алыстағы туыстарының келісімін абыз бейнелі айбынды би Құнанбай алдын ала алған.

Қодар да, оның келіні Қамқа да (Құтжанның нағашы ауылына барған сапарында Сыбан руынан әкелген жетім қыз) – жалғызбасты адамдар, олардың артында ешкім тұрған жоқ және оларды Қодардың жалғыз ұлы Құтжан қайтыс болғаннан кейін қорғайтын ешкімі жоқ. Олардың жағдайында құтылу мүмкін емес, өйткені таразы басында ұжымның еркіне қарсы олардың аянышты сылтаулары ғана бар. Жеке жағдайына қарамастан, Қодардың әрекеттері «әлеуметтік денеге» кері әсер етеді. Өйткені зорлық-зомбылықтың жұқпалы құбылысын ескерсек, жалпы қоғамға теріс әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, дағдарысқа кінәлі күнәһарда, Жирардың пікірінше, мифологиялық сипаттау принциптеріне сәйкес әрдайым болмаса да жиі кездесетін ерекше «виктимді» («құрбандық») белгілері болуы қажет. Қодардың жағдайында ол ерекше, қарапайым адамдардан өзінің батырлық бойымен ерекшеленеді, адамдар оны «батыр», «арыс», «найзагер» деп атайды. Түйенің өркешіне асылып өлтірілген жағдайда, өлім де оны бірден жұта алмайды. Дене күші оның моральдық құбыжықтықпен, күпірлікпен және адам заңдарын бұзумен корреляция табады.

Қодарды топпен өлтіру дағдарыстың себебін жоюға және бұзылған тәртіпті қалпына келтіруге бағытталған зорлық ретінде әрекет етеді. Өлтірудің ұжымдық сипаты таңғаларлық жиіліктегі құрбандық шалуларда кездеседі. Өлтіруге ұжымның барлығы қатысуға міндетті. Қоғамның барлығы дерлік қатыспаса құрбандық өзінің маңыздылығын жоғалтады. Көптеген мифтерде қастандыққа барған құдайлар өз қауымдастығының мүшесін бірігіп өлтіреді. Бұл жерде анығы, мифке сенушілердің құрбандықтары сәйкес болуы керек үлгісі түр. Қатысушылардың біреуінің жалтаруы құрбандықты пайдасыздан да қауіпті етеді. Сондықтан Құнанбай үшін Қодарды бір-

лесіп өлтіруге Тобықты руының барлық ер азаматтары, әсіресе ру басылары қатысуы маңызды. «Қодар құласымен Құнанбай: – Әлі жаны шыққан жоқ. Енді анау кәпірден өз жанымызды ақтап, аулақ ету үшін қырық рудың қырық кісісі кесек атсын. Ал осы жиындағы әр атаның баласынан бір-бір кісі кесек алындар қолдарыңа!- деген. Өзі алдымен алды да, Бөжей мен Байсалға қарап жердегі тасты нұсқап: «Алындар!» деді. Бұйыра айтты. Аналар бағынды да тас алды. – Міне шарифат бұйрығы. Атындар кесектеріңмен! (Әуезов, 2013:38).»

Құрбандық шалу рәсімінде, басқа архаикалық рәсімдердегідей, көрермендер жоқ және болмайды да, ол қауымдастықтың барлық мүшелерінің қатысуымен ғана жүзеге асырылады. «Белдеуден атын шешіп жатып, [Абай] осы үй ішінде жылап отырған көп жанның үндерін естіді. Әйелдер көрінеді. Бірі солқылдап, бірі ыңырсып, бірі сыбырлай сөйлеп жылайды. Дауыстарын шығара алмай қыстығып жылаған қатындар. Еркектер бұл ауылдың бар әйелдері мен баласын осы үйге ерте бастан қаматып қойған. Қатты қорқытып қойған болу керек, дауыстарын шығара алмай жаншылып, егіліп жылайды (Әуезов, 2013:39).» Бұл жағдайда әйелдер мен балалар қоғамның құқықсыз өкілдері ретінде құрбандық шалуға жіберілмейді. Ал жасөспірім Абай мен Жиреншенің күтпеген жерден келуі бұл салтты бұзады. «Көптеген қарабайыр қоғамдарда балалар мен әлі қатаймаған жастар да қоғам мүшесі болып саналмайды – олардың құқықтары мен міндеттері болмайды. Көптеген мәдениеттерде әйелдер де қоғамға жатпайды деп айтуға болады (Жирар, 2010:22).»

Білмейтіндерге арналмаған осынау сакралды әрекеттің еріксіз куәгері болған жас Абайдың қатты күйзелуі соншалық, ол қатты ауырып қалады. Бұл ауруды құрбандық шалу рәсімінің нәтижесінде түсіндіруге болады, ол әлі ер жетпеген, дайын болмаған. Ал архаикалық мифтерде құдайлар бауыздалған қанды ластықтан тазарту үшін бұлақ көзіне немесе жаңа құрбанның қанына жуу рәсімінен өтетіндей, Абайға да жаңа құрбандыққа шалынған малдың қаны арқылы тазарту рәсімі жасалады. «Қан сөзбе-сөз бірде ластаушы, бірде жуатын және таза емес, адамдарды ессіз, өлімге әкелетін және оларды тыныштандыратын нәрсе екенін көрсетеді (Жирар, 2010:49).»

